

2016 жылға субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінім беру мерзімдерін айқындау туралы

Мерзімі біткен

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 25 қарашадағы № 531 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 29 қарашада № 3887 болып тіркелді. 2017 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болды

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларының 10 тармағына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11094 тіркелген), Сарыағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылы субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнына және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнына субсидиялар алуға арналған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізіміне қосу үшін өтінімді ұсыну мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.Ағибаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2016 жылдың 10 қазанынан туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Аудан әкімі

Қ.Абдуалиев

Сарыағаш ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 25 қарашадағы
№ 531 қаулысына қосымша

2016 жылға субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнына және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнына субсидиялар алуға арналған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізіміне қосу үшін өтінімді ұсыну мерзімдері

№ Басымды ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Өтінімді қабылдау мерзімдері
Дәндік жүгері	2016 жылдың 10 қазанынан 25 қазанына дейін
Майлы дақылдар (мақсары, күнбағыс)	2016 жылдың 10 қазанынан 25 қазанына дейін
Картоп	2016 жылдың 10 қазанынан 25 қазанына дейін
Ашық топырақтағы көкөніс және бақша дақылдары	2016 жылдың 10 қазанынан 25 қазанына дейін
Өнеркәсіп үлгідегі тамшылатып суғару әдісін қолдана отырып өсірген көкөніс және бақша дақылдары	2016 жылдың 10 қазанынан 25 қазанына дейін
Бірінші жыл егілген жем шөптік көп жылдық дақылдар	2016 жылдың 10 қазанынан 25 қазанына дейін
Өнеркәсіптік үлгідегі жылыжайлардағы қорғалған топырақ көкөністері	2016 жылдың 25 қазанынан 20 қарашасына дейін
Фермерлік жылыжайлардағы қорғалған топырақ көкөністері	2016 жылдың 25 қазанынан 20 қарашасына дейін